

Д.ҚҰДАЙБЕРГЕН¹, Т.ЕГІНБАЕВА¹

¹Қазақ ұлттық өнер университеті (Қазақстан, Нұр-Сұлтан)
Dimonruier@mail.ru, toizhan_2710@mail.ru

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАНЫҢ ЖАНРЛАРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БЕЙНЕСІН ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Аталған тақырып Қазақстан этномузикатану ғылымының өзекті мәселелер қатарына жатады. Кеңес заманында қазақ музыкасының жанрлары Ресей фольклористикасында қалыптасқан жүйе бойынша қарастырылып келді. Нәтижесінде, кейбір жанрлар қазақ музыкасының табиғатына жат келетіні байқалды. Халық композиторларының шығармашылық бейнесіне қатысты материалдар әр түрлі еңбектерде берілген, бірақ сол жеке-дара деректерден өнер иелерінің тұлғасы туралы толыққанды түсінік алу қиын. Алғаш рет халық музыкасының жанрлық жүйесін қазақтың дәстүрлі күнтізбесімен байланыстырып, сол арқылы өнер иелерінің шығармашыл-тұлғалық типтерін ұсынған Ә.Мұхамбетова болды. Ғалымның пікірінше, өнер иелерінің болмыс-бейнесін жүйелеу үшін олардың өмірлік ұстанымы мен шығармашылық ерекшеліктерін біртұтас қарастыру керек. Соның нәтижесінде көрнекті халық композиторларының шығармашыл-тұлғалық бейнесін жүйелік тәртіпке келтіруге болады.

Түйін сөздер: дәстүрлі өнер; дәстүрлі күнтізбе; шығармашыл тұлға; жанрлық жүйе; мүшел; бақсылық тип; жыраулық тип; сал-серілік тип; сопылық тип.

Кіріспе. Қазақ халық музыкасы – терең тамырлы және көпсалалы мәдени құбылыс. Ғасырлар бойы дамып жеткен бұл өнер ұлттық мәдени құндылықтардың бірі болып табылады. Қазіргі кезде ұлттық мәдениетіміздің бұрын-соңды зерттелмеген, немесе аз көңіл бөлінген мәселелерін анықтау – Қазақстан этномузикатану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Кеңес заманында қазақ халық музыкасы Ресейде қалыптасқан фольклористика мен музикатану ғылымдарының әдіс-тәсілдерімен зерттелген еді. Бірақ бұндай әдіснамалық ұстаным қанағаттандырарлық нәтижеге жеткізбеді. Қазіргі кезде Қазақстан этномузикатану ғылымының кейбір мәселелері қайта қаралып жатыр. Солардың бірі – дәстүрлі музыканың жанрлық жүйесі [10; Б.76].

Осы сияқты мәселе – дәстүрлі өнер иелерінің шығармашыл-тұлғалық бейнесін жіктеу. Өнер саласындағы адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын – қоғамдық орта. Ол үшін адам туған күнінен

бастап сол ортадан қол үзбеуі міндет. Осы ортамен тығыз байланыс-қатынаста болып, сол ортаның (топтың, ұйымның, алуан түрлі басқа қауымдастықтардың) іс-тәжірибелерін, сапа қасиеттерін өзінің бойына сіңіруі қажет. Осыған сәйкес әрбір қоғам өзіне тән лайықты тұлғаны қалыптастырады. Көрнекті өнер өкілдерінің тұлғалық бейнесі мен шығармашылығына заман әсерінің тиюі – заңды құбылыс.

Өнер иелерінің шығармашылық бейнесіне қатысты деректер халық аузындағы аңыз-әңгімелер мен музыка зерттеушілерінің еңбектерінде берілген. Бірақ бұндай материалдар халық композиторларының дәстүрлі музыка өнеріндегі орны мен рөлін анықтауға, олардың жалпы тұлғалық ерекшеліктерін жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік бермейді.

Сырт көзбен қарағанда, халық музыкасының жанрлық жүйесі мен дәстүрлі өнер өкілдерінің тұлғалық бейнесі арасында байланыс жоқ сияқты. Бірақ бұл олай емес. Алғаш рет бұндай байланысты ашқан – белгілі ғалым А.Мұхамбетова [10]. Ол халық музыкасының жанрлық жүйесін қазақтың

дәстүрлі күнтізбесімен байланыстыра отырып, сол арқылы өнер иелерінің жүйелік типтерін шығарды. Ғылыми ұстанымы мен мазмұны жағынан ғалымның ұсынған тұжырымдары айрықша екенін аңғаруға болады. Бұл жанрлық жүйенің ерекшеліктері қандай? Оның дәстүрлі күнтізбеге қандай қатысы бар? Дәстүрлі өнер иелерінің шығармашылық бейнесін жіктеудегі А.Мухамбетованың әдіснамалық ұстанымы қандай? Осы мәселелер арнайы қарастыруды қажет етеді.

Әдіснама (Әдістер). Тақырыбымыз әр салаға (музыкалық жанрға, дәстүрлі күнтізбеге, халық композиторларының шығармашылық бейнесіне) қатысты болғандықтан мақаламыздың зерттеу әдісі де кешенді болмақ.

Дәстүрлі өнер иелерінің тұлғалық бейне-сіне қатысты материалдар ғылыми еңбектерден басқа халық ауызындағы аңыз-әңгімелерде де көрініс тапқан. Алғашқы зерттеушілердің бірі – Ахмет Жұбанов қазақ әншілері мен күйшілері туралы деректерді қариялардың әңгімелерінен жазып алғаны белгілі. Халық музыкасы мен оның өкілдері туралы жазбаша деректер болмағандықтан ол СУИ (*степенная устная историография* – даланың ауызекі тарихнамасы) деп аталатын әдіснаманың көмегіне жүгінуіне тура келді.

Кезінде ауызекі тарихнамадан алынған деректер тарихи негізі жоқ жәй аңыз-әңгімелер ретінде қабылданды, сондықтан олардың сынаушылары да болды. Бірақ, А.Жұбанов жазып кеткен деректердің басым көпшілігі кейін П.Аравинның еңбектерінде Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, тағы басқа қалалардың мұражайларынан табылған материалдармен дәлелденді. Нәтижесінде, СУИ деректері қазіргі кезде толыққанды ғылыми материал ретінде танылып, халық ауызынан алынған аңыз-әңгімелер этномузикатану ғылымында кеңінен қолданылып келеді.

Халық арасында «Әр домбырашы өз мінезін тартады» деген түсінік бар. Расында, халық әншілері мен күйшілерінің қайсысын алсақ та, олардың тұлғалық қасиеттері мен жеке музыкалық стилінің арасында тығыз байланыс байқалады. Бұл

туралы П.Шегебаев былай дейді: «*Как нам представляется, связь личностных качеств музыканта с особенностями стиля в устной музыкальной культуре значительно теснее и органичнее, чем в музыке письменной традиции, где, как известно, между композитором и его музыкой находится связующее звено – нотный текст. Понятие «самовыражение композитора» в музыке письменной традиции намного условнее, чем в импровизационной стихии устного творчества»* [15; ББ.77-78].

П.Шегебаевтың пікірін былай деп түсіндіруге болады. Еуропалық классикалық өнерде композитор өзінің музыкалық ойын немесе шығармашылық жобасын алдымен нотаға түсіреді. Әрі қарай ол шығармасын жетілдіру мақсатында бастапқы жобасына оралып, оны өзгерте алады. Бұндай процесс айларға, тіпті жылдарға созылуы мүмкін. Кейін композитордың шығармасы орындаушының қолына түседі. Енді ол композитордың ойын тыңдаушыларға жеткізу үшін шығармадан жұмыс істей бастайды. Нәтижесінде, композитор мен орындаушының қолынан өткен туындының соңғы нұсқасы тыңдаушыларға жетеді.

Ауызша дамып келген халық музыкасында бұндай мүмкіншілік болмайды. Дәстүрлі музыкада шығарманың дүниеге келуі – оның алғашқы орындалуы. Халық музыкасына тән суырып-салмалық өнерде композитордың айтар ойы, ішкі сезімі, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, тіпті сырт келбеті – осының бәрі оның туындысынан көрініс табады. Мысал ретінде Құрманғазы мен Дәулеткерейдің шығармашылығын салыстырып көруге болады. Бұл замандас болған күйшілер өздерінің музыкалық-көркемдік ұстанымымен батыс Қазақстан домбыра өнерінің екі түрлі, музыкалық сипаты жағынан қарама қарсы болып келетін бағыттарын қалыптастырған. Құрманғазы өмірде де, өнерде де қайсарлы қайраткер ретінде танымал болса, Дәулеткерейдің музыкасы жеке адамның ішкі дүниесіне, оның лирикалық сезіміне бағытталған. Құрманғазының музыкасы батылдыққа шақырады, өмірдегі әділетсіздікке қарсы

тұруға жұмылдырады, оның күйлері қоғамдағы күрделі мәселелерді шешуге арналған. Дәулеткерей, керісінше, лирикалық бағытты ұстанған, сол арқылы адамның психологиялық сезімін ашуға тырысқан. Сондықтан оның күйлерінің көлемі ықшам, әуендері әсем, оң қолының қимылдары жинақы, онда көбінесе «төре» қағыс тәсілі қолданылады. Ал Құрманғазының күйлерінде, керісінше, құлаштап ойнайтын «шаптырма қағыс», «тентек қағыс» сияқты тәсілдер жиі кездеседі. Дәулеткерейдің музыкасы нәзік сезіммен қабылданса, Құрманғазының күйлері тыңдаушылардың белсенділігін талап етеді. Осыған байланысты, біздің әдіснамалық ұстанымдарымыздың бірі – дәстүрлі өнер иелерінің тұлғалық бейнесін оның шығармалышық ерекшеліктерімен тұтас қарастыру.

Қазіргі кезде халық өнері тұлғаларының шығармашылық бейнесін сипаттау сияқты тақырыптар көрші мемлекеттерде де қолға алынып жүр. Мәселен, біздің тақырыбымызға жақын И.Мацеевский [9] мен А.Ромодиннің [13] еңбектерін атап өтуге болады. Әсіресе, А.Ромодиннің «Человек творческий. Музыкант в традиционный культуре» деп аталатын монографиясы әдіснамалық жағынан біздің тақырыбымызға жақын. Осы орайда, біз салыстырмалы, тарихи-типологиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып өзге елдердің ғылыми жетістіктерін де қолдана аламыз.

Халық музыкасының жанрлық жүйесіне келер болсақ, бұнда алғаш рет айрықша әдіснамалық ұстанымды ұсынған А.Мұхамбетова болды. Ол халық музыкасының түрлері мен жанрларын жіктеу кезінде ең алдымен дәстүрлі қоғамда өмір сүрген адамдардың сол қоғамда қалыптасқан мәдениетімен, өнерімен қарым-қатынасын ескеру керек деген пікірді ұсынды. А.Мұхамбетова өзінің әдіснамалық ұстанымын былай деп тұжырымдайды: «Жизнь отдельного индивида есть... протяженное во времени освоение пространства культуры... Каждая возрастная группа осваивает свой пласт

духовной культуры, который входит в последующие уровни. Для традиционного, целостного человека освоить пласт культуры – это значит активно его прожить. Деление на культуру и жизнь неведомо традиционным обществам, в том числе и казахскому» [10; Б.86].

Байқап тұрғанымыздай, П.Шегебаев пен А.Мұхамбетованың әдіснамалық ұстанымдары бір-біріне жақын. Екеуі де өнер өкілдерінің шығармашыл-тұлғалық бейнесін сол қоғамда қалыптасқан мәдениетпен, дәстүрлі өнермен байланыстыра қарайды. Дегенмен, А.Мұхамбетованың ұстанымының ерекшелігі бар, ол осы кешенді көзқарасты қазақтың дәстүрлі күнтізбесімен толықтырады. Осы аталған ұстанымдар біздің мақаламызда басты әдіснамалық рөл атқарады.

Пікірталас. Алғаш рет қазақ халық музыкасының жанрларын жүйеге келтіріп, оларға сипаттама берген Б.Г. Ерзакович болды. Ол «Историческая обусловленность жанров» [4] деген еңбегінде халық арасында орындалып жүрген әндермен қоса ұмыт болып кеткен жанрларды да келтірген. Бұл жанрлық жүйе Қазақстандағы музыкалық фольклористика мен музыкатану ғылымының қалыптасып дамуына үлкен әсерін тигізді. Оның жасаған жүйесі осы күнге дейін зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып келеді.

Қазіргі кезде музыкалық фольклористика мен этномузыкатану ғылымының дамуымен байланысты Б.Ерзакович ұсынған жанрлық жүйенің кемшіліктері көріне бастады. Оның басты кемшілігі – Ресей фольклористикасында, яғни орыс халық музыкасының негізінде қалыптасқан жүйені қазақ музыкасының материалына сол қалпында қолдануда. Нәтижесінде, орыс музыкасының кейбір жанрлары қазақ музыкасының табиғатына жат келетіні байқалды. Сондай жанрлардың қатарына «Еңбек әндерін» (*Трудовые песни*), «Күнтізбе әндерін» (*Календарные песни*), «Әлеуметтік наразы білдіру әндерін» (*Песни социального протеста*) жатқызуға болады. Бұл жанрлардың қазақ халық музыкасының

табиғатына сай келмеуінің себебі – дәстүрлі қоғам құрылымы мен күнделікті өмір тіршілігінің ерекшелігінде.

«Собственно «*трудовых песен*» в том смысле, который придается этому термину исследователями *земледельческого фольклора, у казахов почти не сохранилось. Имеющийся в монографии Б.Г. Еразковича раздел «Трудовые песни» содержит не трудовые, а песни самых различных, часто назидательных жанров, в тексте которых упоминается о труде»* – дейді А.Мухамбетова [10; Б. 77].

Күнтізбе (*Календарные песни*) әндеріне келер болсақ, қазақтарда жылдың бір мезгілінде арнайы орындалатын әндердің бір ғана түрі бар – ол «Жарапазан». Жарапазан әні қазақ даласында ислам діні енгенге дейін Жыл басы – Наурыз мейрамында орындалатын. Кейін ол Ораза айт кезінде де орындала бастады.

Орыс халқында, керісінше, күнтізбелік әндер өте көп. Ол әндер жылдың бір мезгілінде ғана орындалған (мысалы, көктемде жер жыртқанда, егін еккенде, күзде сол егінді орып астық жинағанда, жаз кезінде хоровод құрғанда («*Иван Купалы*» мейрамында), қыс кезінде әртүрлі әдет-ғұрыптарды өткізгенде («*Гадальные*», «*Подблюдные песни*»). Осыған қарап Б.Ерзаковичтің жеке жанр ретінде ұсынған Күнтізбелік ән жанры да қазақ халқының мәдениетіне жат келетінін байқауға болады.

Ал енді әлеуметтік наразы білдіретін (*Песни социального протеста*) әндерге келетін болсақ, бұл жанр да қазақ халқының тарихи-әлеуметтік ерекшеліктеріне сай келмейтінін аңғаруға болады. Б.Ерзаковичтің осы жанрға мысал ретінде келтірген «Сыңсу» әнін, немесе Біржан салдың «Жанбота» әнін қоғамға наразылық білдіру жанрына жатқызудың ешқандай негізі жоқ. Сыңсу – ол ғұрыптық ән. «Сыңсуды» ұзатылған қыздың орындауы міндетті. Ал Біржанның «Жанботасы» болса, ол әншінің қоғамға қарсы шығуы, немесе наразылық білдірген әні емес. Бұнда әнші өзінің жеке басына түскен әділетсіздікті баяндайды. Сол сияқты Құрманғазының да кейбір шығамалары («Ақбай», «Кісен ашқан», «Түрмеден қаш-

қан» т.б.) күйшінің жеке өмірінде болған оқиғаларға арналған. Осындай әндер мен күйлерді автобиографиялық шығармалар деп атауға болады.

П.Шегебаев пен С.Елеманова қоса авторлықпен шығарған «Қазақ музыка әдебиеті» [15] оқулығында «Еңбек әндері», «Күнтізбе әндері», «Әлеуметтік наразы білдіру әндері» деген жанрлардан бас тартқан. Бірақ бұнда күйлердің жанрлық жүйесі берілмеген. Аспаптық музыканың жанрлары басқа авторлардың еңбектерінде де жіктелмеген. Бұл авторлардың көбісі күйлерге келгенде «лирикалық күйлер», «трагедиялық күйлер», «эпикалық күйлер» деген жалпы атаулармен шектеледі, немесе «Байжұма», «Қос басар», «Ақжелең» сияқты топтама күйлердің атауларын қолданады.

Көріп тұрғанымыздай, қазақ музыкасының ерекшеліктерін ескермей бөгде елде қалып-тасқан жанрлық жүйені сол қалпында қолдану күтілген нәтижеге әкеле бермейді. Музыка шығармаларының жанрлық жүйесі сол халықтың тарихи-әлеуметтік, мәдени-типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

Нәтижелер. А.Мухамбетова «*Календарь и жанровая система казахской музыки*» деген еңбегінде [10] жалпы шығыс елдеріне тән, соның ішінде қазақ халқының *мүшел* деп аталатын 12 жылдық күнтізбесіне тоқталады. Бұнда 12 жылдың әрқайсысы мал-жануардың атымен аталғаны белгілі: 1) тышқан, 2) сиыр, 3) барыс, 4) қоян, 5) ұлу, 6) жылан, 7) жылқы, 8) қой, 9) мешін, 10) тауық, 11) ит, 12) доңыз. Қазақтар туған жылын осы жылдардың атымен атаған. Адам өмірінің 13, 25, 37, 49, 61 жылдары мүшел жас деп аталады. Мүшел жас адамның денсаулығына, тіпті өміріне қауіпті деп саналған, сондықтан осы жасқа толғандар пәле-жаладан сақтану үшін әр-түрлі ырыми амалдар жасаған: жеті шелпек таратқан, құдайы тамақ берген, киілген киімдерін таратқан, және т.б.

А.Мұхамбетованың жіктеуі бойынша, бірінші мүшел (адам туылғанынан 12 жасқа дейінгі аралық) – балалық шақ деп аталады;

– екінші мүшел (13-тен 25 жасқа дейінгі аралық) – жастық шақ;

– үшінші мен төртінші мүшел (24-37 және 36-48 жас аралығы) – ересектер қатары;

– бесінші мүшел (48-ден 63 жасқа дейінгі аралық) – кәрілік (ақсақалдар).

Қазақ музыкасының жанрлары осы жас ерекшеліктеріне сәйкес жіктеледі. 1-12 жас аралығы балалық шақ болғандықтан жас балалардың өмірі үйде, үй маңында, әкешешесінің қасында өтеді. Сондықтан бірінші мүшелге балалардың өздері орындайтын әндер және балаларға арналған әндер сәйкес келеді (*Әлди-әлди, Санамақ, Жаңылтпаиш, Ертегілер* т.б.).

12-24 жас аралығында жастардың ойына-сауығы ауыл маңына ауысады. Бұнда олар кеш батқанда *Ақ сүйек* тастайды, *Қайым айтыс, Жұмбақ айтыс* айтады, *Лирикалық әндер* орындайды. Кәсіби өнер иелерінің ішінен жастардың сұранысын сал-серілер шығармашылығы қамтамасыз етеді, сол себепті сал-серілердің репертуары көбінесе ғашықтық-лирикалық әндерден тұрады.

24-48 жас аралығындағы ересектер өздерін елінің, руының мүддесін қорғаған азаматтар ретінде танытады. Осы екі мүшел жасындағыларға ақындардың, жыршылардың термелері, жыр-толғаулары, домбырашылардың батылдық күйлері арналған.

Кәрілік жас – адам өміріндегі ерекше кезең. Аруақтар қатарына жақындаған ақсақалдар сый-құрметке бөленеді, жастарға ақыл-ой айтады, еліне жол сілтейді. Ақсақалдарға қобыз күйлері, домбыра күйлерінің кейбір жанрлары, жыраулардың жыр-толғаулары арналған.

Дәстүрлі қоғамда жеке тұлға халық музыкасымен тәрбиеленеді, музыкалық жанрлар мен түрлерінде көрініс тапқан эстетикалық құндылықтарды, философиялық ой-тұжырымдарды, адами қасиеттерді бойына сіңіріп тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Бала кезінде ол жанұя ортасында ғұрыптық және тұрмыс-салт әндерімен (*шілдехана, бесік той, қырқынан шығару, тұсау кесу, бесік жыры, ертегілер, жұмбақтар* және тағы басқаларымен) тәрбиеленіп өссе, келесі кезеңде оның ынтасы *алтыбақан, қайым айтыстарға, махабаттық лирикалық әндерге* ауысады.

Бұнда жастардың серігін сал-серілер құрайды.

Ой тоқтатқан орта жасты («қарасақал») адамдардың ой-толғамдары халқының, руының мүддесімен байланысты күрделі, маңызды мәселелермен ерекшеленеді. Орта жасты адамдардың рухани сұранысын ақындардың өнері қамтамасыз етеді. Ал қария жасқа келген адамдардың («ақсақалдардың») ынтасы енді жыршы-жыраулар өнеріне ауысады. Олардың репертуарындағы *өсиет, арнау, терме, толғау, мысал, нақыл сөз* сияқты жырлар ақсақалдардың ой-толғамдарына, өмірлік тәжірибесіне сәйкес келіп ішкі дүниесін аша түседі [10; Б.Б.88-89].

Дәстүрлі өнер өкілдерінің тұлғалық бейнесін ғалым осы шығармашыл-жанрлық жүйе бойынша келесі типтерге бөледі:

– *бақсылық* (бұған атақты қобызшы Бқылас және өз шығармашылығында домбыра мен қобыз күйлерін ұштастыра білген Сүгір жатқызылған);

– *жыраулық* (оған зерттеуші-ғалым жыршы-жыраулармен қатар күйші Абыл мен оның ізбасары Құрманғазыны жатқызады);

– *сал-серілік* (бұл, әрине, атақты сал-серілер және Тәттімбет).

Қазақ даласына ислам діні енгеннен кейін дәстүрлі музыкада тағы бір шығармашылық-тұлғалық тип пайда болды, ол *сопылық тип («тип суфии»)*. Сопылықтың ерекшелігін ғалым былай түсіндіреді: «*С одной стороны – основой их творчества были кюй жанра ақжелен, с другой – жанры жоқтау и толғау. В опоре этих кюйши на ақжелен, воплощающий любовную лирику, а шире – женское начало в культуре казахов, видится типологическая параллель лирике великих восточных поэтов-суфиев, выражавших свое стремление к слиянию с Аллахом в любовных стихах, посвященных женищинам*» [10; Б.101]. Әншілік өнерде бұл типке Абай, Шәкәрім және Мұхит жатқызылған. Аспаптық музыкада сопылар тобына Дәулеткерейді, Қазанғапты, Еспай мен Мәменді кіргізуге болады.

Қорытынды. Сонымен, дәстүрлі қоғамда кез келген адам өзінің өмірлік жолында (жас

ерекшеліктеріне сәйкес) халық музыкасының жанрларымен байланысқа түседі. Бала кезінде ол жанұя ортасында ғұрыптық және тұрмыс-салт әндерімен тәрбиеленіп өссе (*шілдехана, бесік той, қырқынан шығару, тұсау кесу, бесік жыры, ертегілер, жұмбақтар* сияқты жанрлармен), кейін оның қызығушылығы ауыл маңында өтетін *алтыбақан, ақ сүйек* ойындары мен жастар арасында орындалатын *қайым айтысқа, махабаттық лирикалық әндерге* ауысады. Жастардың ажырамас серігі – сал-серлер.

Орта жасты адамдар күрделі, әлеуметтік маңызы бар мәселелермен айналысады, өз халқының, руының мүддесін қорғайды. Орта жасты адамдардың рухани, мәдени сұранысын қамтамасыз ететіндер – ақындар мен күйшілер.

Егде жасқа келген адамдардың назары философиялық ой-толғамдарға толы жыр-термелерге ауысады. Жырау мен жыршылардың репертуарын құрайтын *өсиет, арнау, терме, толғау, мысал, нақыл сөз* сияқты жырлар ақсақалдардың өмірлік тәжірибесіне сәйкес келеді. Осы заңдылықты ашқан А.Мұхамбетова былай деп жазады: «*Ступени цикла в их единстве создают идеальную модель жизни человека – от рождения и ограниченности малыми пределами семьи, через осознание и отработку своей принадлежности роду и народу, до слияния с космосом культуры и самой жизни. И жанровая система народного творчества отражает ритм становления и развития жизни человека в единстве природного и социального, земного и потустороннего, прерывного и непрерывного*» [10; 91-92 б.].

Осы заңдылыққа сәйкес кәсіби өнер иелерінің тұлғалық бейнесін *бақсылық, жыраулық, сал-серілік, сопылық типтерге* бөлуге болады. Мәселен, *жырау типті* Құрманғазы мен Динаның өмірі мен шығармашылығында халықтың тарихи-әлеуметтік көріністері, батылдық, қаһармандық тақырыптар орын алса, *сері типті* Тәттімбеттің, Біржан мен Ақанның басты назарында махабаттық лирика, қыз-келіншектердің әсем бейнесі, табиғаттың

тамаша образдары болды. Осы орайда Біржан салдың өміріндегі трагедияны еске түсіруге болады. Біржан 60 жасына келгенше әншілік қабілетін жоғалтпай жастармен араласа берген, солардың алдында өнерін көрсеткен. Бұнысы сырт көзге ерсі көрінгендіктен туған-туыстары уят болмасын деген оймен оны үйден шығармауға тырысқан. Сонда ішіндегі кернеп тұрған әншілік шабытын шығару үшін Біржан айдалада жалғыздан-жалғыз жүріп әндерін айтатын болған екен. Ақырында ауылдастары оны ауру деп есептеп, кереуетке байлап тастаған. Осыған дәлел – Біржанның соңғы әндерінде (мысалы, қызына арнаған «Ақық» әнінде, «Дуние», «Аттанамын» әндерінде, баласына арналған «Теміртаста», «Әйелі Әпішке айтқан» сөзінде) кездесетін «қолымды шеш, босат» деген сөздері.

Өнер саласында *сопы типтерін* құрайтын Дәулеткерей, Мұхит, Абай мен Шәкәрім өз туындыларында лирикалық жанр арқылы күрделі философиялық мәселелерді көтерді. Олар әйел бейнесіне арналған әсем шығармалары арқылы Жаратқан Алланы мадақтап, сонымен бірігуге ұмтылды.

Келешекте осы жанрлық-тұлғалық жүйені қолдана отырып қазақтың дәстүрлі музыкалық өнерін ХХ ғасырда жалғастырған әншілер мен күйшілердің (Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Иса Байзақов, Қосымжан Бабақов, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Иманжүсіп Құтпанұлы, Қали Жантілеуов, Оқап Қабиғожин, Лұқпан Мұхитов, Сүгір Әлиев, Әбікен Хасенов, Төлеген Момбеков және тағы басқалардың) тұлғалық бейнелерін қарастыруға болады. Десе де, бұнда кейбір қиыншылықтар туындауы мүмкін. Себебі ХХ ғасырдың орта шенінен бастап қазақтың дәстүрлі мәдениеті күрделі өзгерістерге ұшырағаны белгілі.

Дәстүрлі кезеңде өнер тұлғаларының синкреттік келбеті күй, ән шығару, оны орындау, тарату, оның аңызын, шығу тарихын көркемдік тілмен баяндау, халықтың тарихы мен шежіресін жетік білу, музыкалық аспапты жасау, орындау тағы сол секілді қасиеттерімен сипатталса, қазіргі заман өнер иелерінің болмыс-сипаты

басқа қырларымен ерекшелене бастады. Қазақстанда кеңес үкіметі орнағаннан кейін көрнекті өнер иелері қалаларға шоғырланды. Олардың көбісі заман талабына сай орта және жоғары оқу орындарында білім алуға тырысты. Заманауи білім мен қалалық

жердегі мәдени орта осындай өнер иелерінің көзқарастарына, жалпы менталитетіне әсер етпей қоймады. Соның салдарынан дәстүрлі кезеңдегі әнші, күйшілермен салыстырғанда қазіргі заман өнер иелерінің тұлғалық бейнесі түбегейлі өзгерді деуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

- [1] Аравин. П.В. Жанр казахской инструментальной музыки. – Алма-Ата, 1970.
- [2] Байбек А. Суфийские мотивы в песенном наследии Ақан сері//Традиционная музыка: проблемы истории и теории: Матер. междунар. науч.-практич. конференции, в рамках Фестиваля традиционной музыки, посв. 200-летию Курмангазы Сағырбайұлы. – Алматы, 2018. 38-46 б.
- [3] Бимұрат Мұрал. Қытай тілінде жарияланған қазақ күйлері мен домбыра туралы дереккөздер// Личность, традиция, культура в музыкальной этнографии. Матер. междунар. науч.-практич. конференции, посв. 150-летию Александра Затаевича. – Алматы, 2019, 262-267 б.
- [4] Ерзакович Б.Г. Историческая обусловленность жанров//Избранные статьи. – Астана, 2008. 160 с.
- [5] Жубанов, А.К. Струны столетий. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 280 с.
- [6] Казтуғанова А.Ж. Қытай қазақтарының домбыра күйлері: жаһандық дәуірдегі даму үдерістері// Ұлы дала мұралары. 2-шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. – Нұр-Сұлтан, 2019, – 256 б.
- [7] Күнқожа Қ. Наурызбек жыраудың шәкірт тәрбиелеу әдісі//Традиционная музыка: проблемы истории и теории: Матер. Междунар. Науч.-практич. конференции, в рамках Фестиваля традиционной музыки, посв. 200-летию Курмангазы Сағырбайұлы. – Алматы, 2018, 213-216 б.
- [8] Малдыбаева Р.С. Творческая личность кюйши в музыкальной культуре XX века. Дис. ... к.иск. – Алматы, 2005. – 32 б.
- [9] Мациевский И.В. Художественная культура и история этносов в контексте сравнительного искусствознания (на материале номадических традиций)//Сравнительное искусствознание – XXI век. Орловские чтения: Актуальные проблемы современного сравнительного искусствознания. Вып. 2: Статьи и материалы II Международного конгресса – Российский институт истории искусств [ред.-сост. Д. А. Булатова; отв. ред. И. В. Мациевский]. – СПб., 2021. С. 326.
- [10] Мухамбетова А.И. Казахский кюй (очерки истории, теории, эстетики). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001, 208 б.
- [11] Сарымсакова А.С. Вклад личностей в исполнение и создание домбровых миниатюр: жыр-күй и ән-күй//Традиционная музыка: проблемы истории и теории: Матер. Междунар. Науч.-практич. конференции, в рамках Фестиваля традиционной музыки, посв. 200-летию Курмангазы Сағырбайұлы. – Алматы, 2018.
- [12] Сахарбаева К. Ұлы күйші Дина – орындаушылық стилі мәселелері//Традиционная музыка: проблемы истории и теории: Матер. Междунар. Науч.-практич. конференции, в рамках Фестиваля традиционной музыки, посв. 200-летию Курмангазы Сағырбайұлы. – Алматы, 2018, 25-31 б.
- [13] Ромодин А. Человек творящий. Музыкант в традиционной культуре. СПб.: ГНИИ Институт истории искусств, 2009. – 288 б.
- [14] Утегалиева С.И. Образная система в домбровой музыке казахов//Ұлы дала мұралары. 2-шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. – Нұр-Сұлтан, 2019, – 256 б.
- [15] Шегебаев П., Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті (дәстүрлі кезең). Музыкалық колледждерге арналған оқулық. Астана: Фолиант, 2011. – 108 б.

References:

- [1] Aravin. P.V. Genre of Kazakh instrumental music. – Alma-Ata, 1970.
- [2] Baibek A. Sufi motives in the song heritage of Akan Seri//Traditional music: problems of history and theory: Mater. of inter. scientific-practical conferences, within the framework of the Festival of traditional music, dedicated to 200th anniversary of Kurmangazy Sagyrbayuly. – Almaty, 2018. 38-46 p.
- [3] Bimurat Mural. Sources on Kazakh kuis and dombra published in Chinese//Personality, tradition, culture in musical ethnography. Mater. of inter. scientific-practical conferences, dedicated to 150th anniversary of Alexander Zataevich. - Almaty, 2019, 262-267 p.

- [4] Erzakovich B.G. Historical conditionality of genres // Selected Articles. – Astana, 2008. 160 p.
- [5] Zhubanov A.K. Strings of centuries. – Almaty: Dike-Press, 2001. – 280 p.
- [6] Kaztuganova A.Zh. Dombra kuis of Chinese Kazakhs: development processes in the global era// Great steppe heritage. Issue 2. Annual scientific publication. – Nur-Sultan, 2019, – 256 p.
- [7] Kunkozha K. Nauryzbek Zhyrau’s method of discipleship//Traditional music: problems of history and theory: Mater. of inter. scientific-practical conferences, within the framework of the Festival of Traditional Music, dedicated to 200th anniversary of Kurmangazy Sagyrbayevich. – Almaty, 2018, pp. 213-216.
- [8] Malybaeva R.S. Kuishi creative personality in the musical culture of the XX century. Disk. – Almaty, 2005. – 32 p.
- [9] Macievsky I.V. Artistic culture and history of ethnoses in the context of comparative art (on the material of nomadic traditions) // Comparative art – XXI century. Issue 2: Articles and materials of the II International Congress “Orlov readings: Actual problems of modern comparative art”. – Russian Institute of Art History [ed. D.A. Bulatova; managing editor I.V.Macievsky]. – SPb., 2021. 326 p.
- [10] Mukhambetova A.I. Kazakh kui (essays on history, theories, aesthetics). – Almaty: Dyke Press, 2001, 208 p.
- [11] Sarymsakova A.S. The contribution of personalities in the performance and creation of dombra miniatures: zhyr-kui and melody-kui // Traditional music: problems of history and theory: Mater.of inter. scientific-practical conferences, within the framework of the Festival of Traditional Music, dedicated to 200th anniversary of Kurmangazy Sagyrbayevich. – Almaty, 2018.
- [12] Saharbaeva K. Great kuishi Dina – problems of performance style // Traditional music: problems of history and theory: Mater.of inter. scientific-practical conferences, within the framework of the Festival of Traditional Music, dedicated to 200th anniversary of Kurmangazy Sagyrbayevich. – Almaty, 2018, pp. 25-31.
- [13] Romodin A. A creative person. A musician in a traditional culture. SPb. : SIHA “Institute of History of Arts”, 2009. 288 p.
- [14] Utegalieva S.I. The figurative system in the dombra music of the Kazakhs // Great steppe heritage. Issue 2. Annual scientific publication. – Nur-Sultan, 2019, - 256 p.
- [15] Shegebaev P., Elemanova S. Kazakh musical literature (traditional period). Textbook for music colleges. – Astana: Foliant, 2011. – 108 p.

Проблемы систематизации жанров и творческих личностей в традиционной казахской музыке

Д.Кудайберген,¹ Т.Егинбаева¹

*¹Казахский национальный университет искусств
(Нур-Султан, Казахстан)*

Аннотация

В казахстанском этномузыказнании данная тема относится к наиболее актуальным. В советское время жанры казахской традиционной музыки рассматривались с позиции жанровой системы, разработанной в русской фольклористике. В результате некоторые жанры оказались чуждыми культурно-историческим условиям бытования казахской музыки. Материалы, касающиеся биографии и творчества традиционных музыкантов, содержатся в разнообразных изданиях. Однако по этим разрозненным материалам трудно представить целостное представление о творческой личности народно-профессиональных композиторов. Оригинальную систему музыкальных жанров и типов носителей народно-профессионального музыкального искусства предложила А.Мухамбетова. Для этого она обратилась к традиционному календарю казахов. По мнению ученого, для правильного понимания особенностей творчества народных музыкантов необходимо учитывать их личностные качества. Личность и творчество в традиционной культуре неразрывны. Такой подход позволил выделить следующие типы творческих личностей: тип бахсы, тип жырау, тип сал-серэ и тип суфии.

Ключевые слова: традиционное искусство; творческая личность; жанровая система; традиционный календарь; мушель; тип бахсы, тип жырау, тип сал-серэ, тип суфии.

**Problems of systematization of genres and creative personalities
in traditional Kazakh music**

D.Kudaibergen¹, T.Yeginbayeva¹

¹Kazakh National University of Arts
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

Annotation

In Kazakh ethnomusicology, this topic is one of the most relevant. In Soviet times, the genres of Kazakh traditional music were considered from the position of the genre system developed in Russian folklore. As a result, some genres turned out to be alien to the cultural and historical conditions of existence of Kazakh music. Materials relating to the biography and work of traditional musicians are contained in various publications. However, based on these disparate materials, it is difficult to provide a holistic view of the creative personality of folk-professional composers. The original system of musical genres and types of carriers of folk professional musical art was proposed by A. Mukhambetova. To do this, she turned to the traditional Kazakh calendar. According to the scientist, for a correct understanding of the peculiarities of the creativity of folk musicians, it is necessary to take into account their personal qualities. Personality and creativity in traditional culture are inseparable. This approach made it possible to single out the following types of creative personalities: type of bakhsy, type of zhyrau, type of sal-seri and type of sufi.

Keywords: traditional art; creative person; genre system; traditional calendar; mushel; type of bakhsy, type of zhyrau, type of sal-seri and type of sufi.

Редакцияға 29.03.2021 қабылданды.

SRSTI 13.15

DOI 10.51889/1528.2022.97.89.027

A.KHAZBULATOV¹, ZH.SHAIGOZOVA², A.MOMBЕК²

¹Kazakh Research Institute of Culture

²Abai Kazakh National Pedagogical Universit (Almaty, Kazakhstan)
ar.khazbulatov@gmail.com, zanna_73@mail.ru, aliya_mombek@mail.ru

**“SEGIZ KYRLY, BIR SYRLY”: NATIONAL FACE OF PERSON
IN KAZAKH CULTURE (based on musical and artistic-craft)**

Abstract

Traditional ideas about the perfect man are an important part of the immaterial cultural heritage, shown in various folk oral and poetic forms: fairy tales, proverbs, sayings, idioms, etc. One of this idioms is “*Segiz kyrly, bir syrly*”, which means “Eight facets – one integral essence”, used as the title of this article is known to almost every Kazakh. The national memory preserves many names, who were honored with these words. Now they sound not often, but more straight and sharper. The authors of this article are trying to open these “eight facets, and one integral essence” – the Turkic ideal of the perfect man, based on the Kazakhs, who formed and “recrystallized” throughout thousands of years. This ideal contains the entire cultural and historical experience of the ethnos, which passed down from one generation to another from ancient times until ethnographic modernity. Of course, the perfect identity has an universal character. Every nation has its own. The Chuvash has “seven blessings” or the observance of the “seven commandment”, among the Buryats, it is the “nine virtues” of a person, etc. In this article, the authors focused on one of such specifications of ethnic ideas about a perfect identity, expressed in Kazakh culture through the concept of an “octahedral” person.

The authors are sure that based on this materials they can show deeper knowledge for teachers, researchers and students of pedagogical institutions, who use national pedagogy and non-material heritage. “octahedron”